

**Аудандық қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ № 2**

«27» наурыз 2023 жыл

Хромтау қаласы

Өткізу орны: Хромтау ауданы әкімдігінің акт залы

Өткізу күні: 27 наурыз 2023 жыл

Өткізу уақыты: 10.00

Қатысқандар: қоғамдық кеңестің мүшелері

Төрағалық еткен: аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы: Б.Ашабаев.

Күн тәртібі:

1. Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің атқарылған жұмыстары туралы есебі.

Тыңдалды:

Ашабаев Б.Б. – Хромтау ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы. Жиналысты ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін баяндамашыға берді.

Ж.Сарманов- Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы. Бөлім басшысы өз есебінде Хромтау ауданында «Ауыл аманаты» жобасы аясында әр түрлі салалар: құс және өсімдік шаруашылығы, шағын және орта бизнес бойынша бірқатар жобалар құрылып, өз жұмыстарын атқарып жатқанына тоқталды. 41 адамға 168 млн.теңге құрайтын несие берілді. Сондай-ақ, жер қатынастары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету қызметіне түскен өтініштер қаралып, жауаптар уақытылы берілді.

Келесі сөз кезегінде қоғамдық кеңестің төрағасы- Б.Ашабаев 2022-2023 жылдардағы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің қомақты жобаларды іске асырып жатқанын айта келе 2 мәселеге тоқталды:

1) Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасын халыққы түсіндіру жұмыстары жүргізу керек екенін айта келе қатаң бақылауға алу керек екенін ескертті.

2) Жер қатынастары бойынша халыққа жер телімін беру кезінде комиссия отырысында қарастырып, сондай-ақ жер бойынша заңдылықтар ескерілсін деген ұсынысын айтты.

Б.Ашабаев жиынға қатысушылардан басқа сұрақ бар-жоғын сұрады.
Сұрақ жоқ. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы:



Б.Ашабаев

Қоғамдық кеңестің хатшысы:



Г.Нурмаханова